



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Стандарт тіл және диалект





Стандарт тіл – мемлекеттік жүйеде, құрылымда, барлық салаларда белгілі бір нормаларымен елге, қоғамдық қарым-қатынасқа қызмет жасайтын тіл. Стандарт тіл бірінші мемлекеттік мүддеге, тұрақтылығына қызмет жасайды.

Стандарт тіл – күнделікті қажеттіліктерден бөлек, сауда-саттықта, үкімет қызметінде және бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын тіл. Стандарт тілдің жалпыға ортақ жазу ережелері, грамматикалық ұстанымдары және сөздік қоры болады.

Мемлекеттің мемлекеттік тілі болмаса, қарым-қатынастың өзі де қоғамдық деңгейін, экономикалық деңгейін әділетті түрде сақтай алмайды. Егер мемлекетте бірнеше тіл болса, міндетті түрде бір тіл жоғары тапта болып, екіншісі төменгі тапта болады. Ол бәрібір қоғамда әділетті, ізгілікті жасай алмайды. Стандарт тіл әрбір мемлекеттің мүддесін қорғайтын тіл. Бұл тіл бес құндылыққа қызмет жасайды.

Ол бірінші, жеке адамға, оның жетілуіне, ал ол тілдің жетілуіне мемлекет мүдделі болады. Жетілген тілде әрбір тұлға өз-өзін жетілдіре алады. Ғылыми сала болсын, экономикалық сала болсын, әркімнің өзінің психологиялық, социологиялық мәселелердің бәрін сол тілде жазылған еңбектерден таба алады. Өзін жетілдіре отырып, адам өзінің ғылыми потенциалын, адамдық потенциалын жетілдіруге мүмкіндік алады. Стандарт тіл мемлекеттің мүддесіне қызмет жасай отырып, бес құндылықты қорғауға міндетті болады. Бес құндылықты қорғай алмаса, өзінің толық функциясын атқармаған тіл болады.

Келесі құндылық – отбасы. Әрбір мемлекеттің шағын мемлекеттері болады, ол – отбасы. Отбасының да өзінің құндылықтары бар. Сол құндылықтарды отбасының әрбір мүшесі түсінуі үшін, олардың бір тілде сөйлесуі қажет. Бір тіл белгілі бір дәрежеде құндылықтардың жетілуіне көмектеседі. Қазақтың әдет-ғұрыптарындағы айттыру, үйлену тойы, ұзату, қалың мал, қалыңдық деген терминдер өзге ұлтта жоқ. Бір ұлттың құндылығын білу үшін сол тілдің нормаларын, стандарт тілін білу керек. Сол арқылы бәрі реттеліп, ұлттық құндылыққа қызмет жасайды.

Ұлттық құндылық. Бір тілді стандарт дегенде, тұтастай мемлекет жоғарыдағы таптан саяси билік, экономика, бизнес барлық салаларда мемлекеттік тілде сөйлескенде, бұл мемлекетте біркелкі психология қалыптасады. Бұл ұлттық құндылықтардың бірігуіне мүмкіндік туғызады. Әрине, бір мемлекет бір ғана ұлттан тұрмайды, байырғы мемлекетті құрған ел болады, сосын басқа да әртүрлі сол жерді мекен еткен ұлт өкілдерінен тұрады. Олар өзінің ұлттық құндылықтарын сақтау үшін өз тілінде сөйлеуге мүмкіндік алса да, бір мемлекетте отырғанда бір-біріне рухани психологиялық тұрғыдан, экономика, саяси мүдде тұрғысынан араласу үшін, екі жақтың ұлттық құндылықтарына құрмет көрсетіп, оларды қорғауға мәжбүр болады. Ұлттық құндылықты қорғай алмайтын тіл, бірнеше тілі бар мемлекеттің мүддесіне толыққанды қызмет жасай алмайды.

Адами құндылық. Бір мемлекетте стандарт тілдің жетілуі, сол тілдің абыройын тек қана мемлекеттік деңгейде емес, әлемдік деңгейде өріс алып кеңейіп таралуына да мүмкіндік жасайды. Ол тіл тек қана жеке адам, отбасы, ұлттық деңгейде қалмай, өте кең көлемде адами құндылықтарға қызмет жасай алатын тілге айналады. Бұл жерде әдеби тіл пайда болады. Стандарт тіл үлкен бір көркемдік деңгейге жеткенде, оны әдеби тіл дейді. Дүние жүзіндегі жазушылар, ақындар, ежелгі грек болсын, ежелгі Мысыр, Қытай, Иран болсын, күні бүгінге дейін олардың әдеби тілі жойылмай, қызығушылық тудырады. Өйткені олар белгілі бір дәрежеде адамзатқа ортақ құндылықтарды шығармаларында өзек еткен. Иранның бір әйгілі ақыны «Адамзат баласы бір дененің мүшесіндей, жаратылысынан тегі бір, егер бір мүшесі ауырса, барлық мүшелері ауырады» деген. Бұл бір ғана ұлтқа тән сөздер емес, бүкіл әлем халықтарына тән, адамзат бір-біріне қызмет жасауға міндетті болу керек, бір-бірін сыйлау керек. Бұл гуманистік түсінікті қалыптастырады. яғни адамның ұлтына, тіліне, дініне қарамастан оны құрметтеуі керек. Адамдардың ұлты әртүрлі болғанымен, тегі бір, яғни адамдар. Бірақ бұл коммунистердің пайдаланған «интернационал» деген сөзі емес. Бұл адамның саты сатымен санасының көтерілуінің өзі, табиғатында өзінің адами санасы соған жеткенде барып, адамның бойында пайда болатын түйсік, көзқарас.

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық және моральдық мәселелерін арқау еткен.



Абайды күні бүгінге дейін үшінші сатыдан, төртіншіге, одан бесінші сатыға жеткен тұлға ретінде оны адамзат сыйлайды.

Сағди Ширази (1203–1292) – парсы-тәжік әдебиетінің классигі. Оның екі бәйіт сөзі қазіргі БҰҰ-да қашалып жазылған. Себебі барлық адамзатты БҰҰ-да бірігуіне негіз қалайтын әдемі өлең жолдары.

Рухани құндылық. Дүние жүзінде әртүрлі діндер бар. Барлық адамзат бір жаратушының ізінде. Өзінен жоғары тұрған жаратушыға бағынады. Ол соның руханиятын құрайды. Мәселен, мұсылманның іздегені, ол Алла. Ислам дінінде «адам жаратылыс кезінде балшықтан тәнін жаратқан, өзінің рухын үрледі» деп айтылады. Сонда адам баласының болмысындағы жан мен тән, тәні топырақтап, ал жаны Алланың үрлеген бір ұшқынынан, яғни кемел рухтың бір ұшқынынан жаратылады екен. Адам әрқашан өзінің тегін іздеп отырады. Рухымыз жаратқан Алланы іздейді, ал тәніміз жаратылған топырағын іздейді. Содан дүние мен рухани сұраныстың арасында тартыс болады екен. Рухани құндылықты дұрыс түсінуіміздің өзі, тіліміздің баюына тікелей байланысты. Стандарт тіл дамуының мүмкіншілігі өте жоғары болады. Ол мүмкіншілік жоғарылаған сайын, біздің бес құндылығымызды тереңірек түсінуге мүмкіндік туғызады. Жетілмеген жетім тіл болмайды. Дүние жүзінде тілдер күресінде жоғары таптың тілі бар, төменгі таптың тілі бар. Стандарт тіл өз мемлекетінде ешқашан төменгі таптың тілі болмайды. Себебі стандарт тіл ұлттың тұтастай бес құндылығының мемлекеттік мүддесімен ұштастырып сақтауға міндетті. Бұл тіл әрбір ұлт өкілінің, әрбір ұлт азаматының өкілі ретінде тіл құрғақ жансыз құрал емес, ол жанды. Адам дүние салғанда, оның жаны ұшып, ал денесі түкке тұрмайды, топырақта қалады. Тіл адамның рухына, түсінігіне, санасына қызмет жасайды. Түйсігіне, санасына қызмет жасай алмайтын тіл, мемлекеттің мүддесін, адамның бес құндылығын қорғай алмайды. Адамзатқа қажет бес құндылық күнделікті тіршілігімізде алдымыздан шығады. Егер тіл мемлекеттің мүддесін қорғай алмаса, айтылған бес құндылықты қорғай алмаса, адам адасудан арылмайды. Адамның жеке басы да бұл дүниені дұрыс түсіне алмай жүреді, отбасылық бақытқа да ие бола алмайды, ұлт ретінде де мақтанып кеудесін көтеріп жүре алмайды, адаммын деп те кеудесін соға алмайды. Ондай адамның рухы биік, бүгін, не ертең ұрпағын үлкен рухани деңгейге жетелеп, еліне қызмет жасайды деп айту қиын. Адамзат бес құндылықты түсінген кезде, өте жоғары деңгейден адамзатқа қызмет жасауға, мүдделік танытып, моральдық мүмкіндік алады.

Стандарт тіл өзінің ұлттық мемлекетіне қызмет жасап, құндылықтарды тануға дәл қазір айқын мысал, ағылшын және жапон тілдерін айта аламыз. Ағылшындар әлемді жаулаушы, отаршыл, сонымен қатар, тілін нағыз стандарт тіліне айналдырған мемлекет. Стандарт тілді әдеби тілмен шатастырмау керек. Әдеби тіл, ол шығарманың көркем тілі. Ол жерде стандарт тілдің функциясын көрсетпеу үшін әдейі әдеби тіл деп қойған. Әдебиет жаратылыс үшін, азамат үшін, ұлт үшін, адамзат үшін жасалады. Осылай нақтыласақ, ол өзінің стандарттық нормасын сақтайды, стандартқа сай қызмет жасайды. Ағылшындар стандарттық тілді өздері үшін жасады, сөйтіп келешектің негізін қалады. Стандарт тілге қарсы болғандар жөнінде айтсақ, ол әлемдегі ең жауыз саяси режим коммунизм, большевиктер.

Большевиктер (Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы) – бұрынғы КСРО-дағы билеуші саяси партия. Олар адамзаттың бес құндылығына қастандық жасады, демек, адамның жеке ойлауы мүмкіндігінен айырды. Содан, адамның жеке құндылығын, отбасылық құндылығын түсіне алмайтын дәрежеге жеткізген. Ұлттық құндылықтарын түсінуден тіптен алыстатты. Ұлттық құндылық дегенде, ол тіл, дін, тарих, салт-дәстүр, олар ешқашан бір-бірінен ажырамауы тиіс, оны да ажыратып тастады. Дүниежүзінде әртүрлі діндер, нанымдар, мансаптар бар, соларды таңдау құқықтарынан айырып, руханиятты мүлдем жоққа шығарды. Әрбір жас ұрпақ «адамзатқа төнген ең қорқынышты идеология, ол коммунистік идеология» екенін түсінуі қажет. Коммунистік идеология адамға адам ретінде қараған жоқ, адамды материалдық зат деп көрді.

Диалект – халық тілінің құрамына кіре отырып, белгілі бір аймақ тұрғындары қолданатын өзіне ғана тән лексикалық, фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктерге ие тіл.

Иран мемлекетінің солтүстігінде үш аймақ бар, олардың үшеуі де парсы тілін қолданса да, бір-бірін түсінген жоқ. Сол себептен мемлекеттік стандарт тілін жасауға тура келді. Содан «Тегеран диалектісін» мемлекеттік тіл деп жариялап, кейін сол мемлекеттің стандарт тілі деп қабылданды.



Қазақ тілін қарастыратын болсақ, Атыраудан Алтайға дейін, Алтайдан Моңғолияға дейін сол жерлерде тұратын қазақтарда ешқандай айырма жоқ, бір-бірін қиналмай түсіне алады. Өйткені мағыналық тұрғыдан, айтылуы тұрғысынан, фонетикалық тұрғыдан бір-бірінен алыс кеткен жоқ. Бұлар диалект сөздер деп есептелмейді.

Элемент дегенде әрбір қазақ тұратын аймақта өзгерістер бар. Мәселен, еліміздің шығысында «кішкентай» деген мағынаны білдіретін сөзді «биттей» деп, батыс аймақтарында «құрттай» деп атайды екен. Әр аймақта түрлі элементтерді қолданса да, бір-бірін түсініп жатады. Тағы бір мысал ретінде апа сөзі әр аймақта түрліше айтылады, мәселен, әпке, әпше, әжесіне де кейбіреулері апа дейді екен. Осындай мысалдар өте көп кездеседі. Бұл сөздің әр аймақта түрліше қолданылуы оларды бір-бірін түсінуіне кедергі болмайды. Бұларды да диалект деп есептемейміз.

Түркияда «Стамбул диалектісі» бар. Бірақ оны диалект деп есептеу қиын, себебі қай аймаққа бармасаңыз да, олар бір-бірін түсініп жатады.

Қорыта келгенде, стандарт тіл дегеніміз – мемлекеттің мүддесіне, адамзаттың бес құндылығына қызмет жасайтын тіл деп түсінеміз. Әдеби тіл, ол шығармадағы көркем тіл. Стандарт тіл мен диалект қазіргі қоғамда ең кеңінен тараған, қолданыста жүрген терминдер. Стандарт тілдің диалектіге айналуының екі себебі бар. Бірі, аймақтың сұранысына байланысты болса, екіншісі, әлеуметтік жағдайға байланысты.